

БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР:

2
бет

«БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН
БІЛӘЛ КӨКЕМ»

3
бет

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ
ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚАРАЖАНБАСТА «ҮЗДІК МАМАН - 2023»
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

4
бет

«ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР - БОЛАШАҚҚА ЖОЛ
БАСТАР!»: «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-да
«ЖАС МАМАН КҮНІ-2023»
ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

5
бет

МОЛОДЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ КБМ:
«НАША СИЛА - В ЕДИНСТВЕ!»

6
бет

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ!

«ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, МҰНАЙШЫ?»

7
бет

«ЖАС МАМАН» КЕҢЕСІНЕ ЖАҢА
ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

«ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ» - ЖАҢА
ҚАРҚЫНМЕН!

8
бет

ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ІШКІ
ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

ВПЕРЕД, К ПОБЕДЕ!

9
бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ -
ЕКІ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ
ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРДЫ

10
бет

I ВАХТА ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

11
бет

«ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫ - 2023»:
ҚАРАЖАНБАС ЧЕМПИОНДАРЫ
АНЫҚТАЛДЫ

12
бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ
САМБОДАН АЗИЯ ЧЕМИОНАТЫНА
ЖОЛДАМА АЛДЫ

БІРЛІК КҮНІНДЕГІ БІЛІМ БӘСЕКЕСІ



1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Қаражанбас кен орнында «Не? Қайда? Қашан?» зияткерлік сайысы өтті. Білім бәсекесінде мұнайшылардан құралған білгірлер командасы көрермендер тобына қарсы ойнады.

Ереже бойынша қатысушыларға 13 сұрақ берілді. Олардың арасында түрлі сала мамандары

жолдаған қазақтың салт-дәстүрін қамтитын және логикалық бейне сұрақтар да бар. Ойыншылар әр сауалға 1 минут ішінде жауап беріп, түйсік арқылы «қара жәшікке» не жасырылғанын да дәл тапты.

Тартысты ойын нәтижесінде қаражанбастықтар сұрақ қоюшы тараптан 8:5 есебімен басым түсті. Жеңімпаздарға естелік сыйлықтары табыс етілді.



Қазақ тарихынан білетініміздей, бағзы заманнан ел шетіне жау келгенде бабаларымыз қолға найза алып, қасыққаны қалғанша күрескен. Бүгінде ұлы даланың ұрпағы аталар аманаттаған кең байтақ жерде бейбіт өмір сүріп келеді.

Соғыс! Құлаққа түрпідей тиетін суық сөз талай отбасын ойрандап, миллиондаған сарбаздың өмірін қиды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары әр үйдің азаматы майданға аттанып, ерлік көрсетті. Жеңісті көзбен көріп, Отанға оралғандар бар, майданнан мәйіті келгендер қаншама...

9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында ел ырысын еселеп, Қаражанбас мұнайын игеруге бір кісідей атсалысып жүрген бұ өндіру цехының химиялық су тазарты аппаратшысы Қайрат Әжібайдың «Берлинді бомбалаған Біләл көкем» атты мақаласын назарыңызға ұсынамыз.

«БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН БІЛӘЛ КӨКЕМ»



БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН
БІЛӘЛ КӨКЕМ...

Қайрат Әжібай
БӨЦ ХСТ аппаратшысы



... Таласымыз жоқ, ел мен жер үшін күрестен тайсалмаған әр азамат – батыр. Екінші дүниежүзілік соғыс басталды деген суық хабар жеткеннен азаматтар әскерге алынып, тікелей майданға беттеді. Солардың бірі – менің көкем, әкемнің туған ағасы, есімі елу жылға жуық уақыт бойы белгісіз болып келген Кеңес Одағының Батыры – Біләл Қалиев.

Ол 1917 жылы дүниеге келген. 1939 жылы әскерге шақырылып, соғыс басталғанда Балтық теңізіндегі ұшқыштар дивизиясына қабылданыпты. 1941 жылы немістер Мәскеуге әуе арқылы шабуыл жасағаннан кейін, КСРО Бас Қолбасшысы И.В.Сталиннің бұйрығымен Берлинді бомбалау туралы құпия тапсырма берілген. Оған сол кездегі алысқа ұша алатын бомбалаушы ДБ-3 және ДБ-3Ф ұшақтарын жете меңгерген 15 ұшқышты таңдап алыпты. Құрамында менің көкем де бар.

Сол жылы тамыздың 7-сінен 8-іне қараған түні 15 ДБ-3 ұшағы аспанға көтеріліп, Берлинге бағыттады. Жау астанасын бомбалауға аттанған батырлар бұйрықты бұлжытпай орындап, таң алдында аэродромға сәтті оралды. Осы кезде көрсеткен көзсіз ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1942 жылғы 13 тамыздағы Жарлығымен Біләл Қалиевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Көкем бұдан өзге де бомбалау операцияларына алынып, жауынгерлерге ұшақ арқылы оқ-дәрі, қару-жарақ пен қажетті жабдықтарды жеткізуге атсалысқан. Сондай сапарлардың бірінде неміс атқыштарының шабуылынан Сталинградтың Липецк облысы аумағында қаза тапты.

1961 жылы Липецк облысы, Добринск ауданы, Хворостянка станциясындағы мектептің «Қызыл ізшілдері» кеңестік екі ұшақтың құлаған орнын қазып, 4 ұшқыштың

мүрдесін тапқан. Олар – Удовенко, Конкин, Орленко және Калиев екендері киімінің жағасындағы тот баспайтын темірге жазылыпты.


Батырлар туралы сан мың естелікті таңды-таңға жалғап жеткізуге болады. Біләл көкемнің ерлік естеліктерін оқыған сайын кеудемі мақтаныш сезімі кернейді. Олар туралы деректерді дамытып, өзімізден кейінгі ұрпаққа аманаттау тұтас қоғамның азаматтық борышы деп білемін. Себебі біз Отан қорғау жолында жанын берген азаматтар арқасында алаңсыз күн кешіп жүрміз. «Ешкім, ешқашан ұмытылмайды!» деген ұранды ұстанып, көше, мектеп, орталық сияқты түрі нысандарға батырлар атын берсек, келер ұрпақ та олардың кім екенін көкейіне түйетініне сенемін. Ардагерлері тек Жеңіс күні емес, әрдайым еске алып, есімдерін ұлықтайық!

Қайрат Әжібай
БӨЦ ХСТ аппаратшысы

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып Қарамұрзаев Ермек Болатбайұлы тағайындалды. Ол бұрын «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

Е.Б.Қарамұрзаев 1974 жылы 20 тамызда дүниеге келді. 1993 жылы Жаңаөзен мұнай және газ техникумын «Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу», 2003 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығын тәмамдады. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің іскерлік әкімшілендіру магистрі, сондай-ақ «МИРБИС» Мәскеу Халықаралық Жоғары бизнес мектебінің іскерлік әкімшілендіру Шебері дәрежесіне ие.



Еңбек жолын 1993 жылы «ӨМГ» ААҚ ӨЖБ, 1-МГӨБ слесарь-жөндеушісі болып бастады. Әр жылдары механик, ӨЖБ басшысының орынбасары, 2а,3 блоктарын оңалту жөніндегі топты басқарды. «ӨМГ» ӨФ 3-МГӨБ филиалының ӨТБ басшысы, «ӨМГ» ӨФ 3-МГӨБ ОИТҚ басшысы болды. Сонымен қатар, «ҚМГ» БӨ» АҚ-да қызмет тиімділігін басқару департаменті директорының

орынбасары, жетекші талдаушы/инженер, өндірісті мониторингтеу және жедел басқару департаменті директоры болып еңбек етті. Соңғы жылдары мұнай және газ өндіру департаментінің директоры, өндіріс жөніндегі Басқарушы директор, «ӨзенМұнайГаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

ҚАРАЖАНБАСТА «ҮЗДІК МАМАН - 2023» КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ-да дәстүрлі түрде өтетін «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының бірінші кезеңі басталды. Сайыстың басты мақсаты - мұнайшылардың шеберлігін шыңдау және еңбек ұжымын үздік нәтижелерге жетелеу. Салтанатты ашылу рәсімінде Өндірістік басқарма басшылығы І ауысым жұмысшыларын сайыстың ойдағыдай басталуымен құттықтап, алдағы кезеңдерге сәттілік тіледі.

«Қаражанбас жұмысшылары кәсіби білікті, тәжірибеде мықты. Былтыр біздің мұнайшылар үздік нәтиже көрсетіп, республикалық кезеңде жеңімпаз атанды. Биыл да жетістігімізді еселей түсетінімізге сенеміз. ҚБМ өздеріңіздей «Үздік мамандармен» қуатты», - деді ӨБ директоры Ғабит Сәдуақасов.

Биылғы байқау өндірістік цех жұмысшылары арасында 23 аталым бойынша өтіп жатыр. Мықтылығын дәлелдеуге қос вахтадан барлығы 500-ге жуық қаражанбастық өтінім білдірген. Олар алғашқы кезеңде өз мамандығы мен қауіпсіздік техникасы бойынша теориялық тест тапсырып жатыр.

«Биыл бағымды сынауға өтініш білдіріп, алғаш рет қатысып отырмын. Теориядан үздік баға алып шықтым. Қуанышымда шек жоқ. Алдағы кезеңдерге де тыңғылықты дайындалып, жеңіске жетуге барымды саламын», - дейді №3 МӨЦ операторы Есбол Қарайдар.

Айта кетейік, тестілеу ІІ ауысым жұмысшыларына да өткізіледі. Теориялық тапсырмадан топ жарғандар, тәжірибе кезеңінде үздік атану үшін тартысқа түседі. Барлық қатысушыға сәттілік пен жеңіс тілейміз!

«ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР - БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР!»: «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-да «ЖАС МАМАН КҮНІ-2023» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Тұлғалық даму, ұжымдық рух, болашаққа нық қадам... «Қаражанбасмұнай» АҚ-да дәстүрге айналған «Жас маман күні» жобасы басталды. Биылғы шараның басты ерекшелігі – жоба «Жас мамандар» кеңесінің 10 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Компаниядағы жастар саясаты мен корпоративтік құндылықтарды нығайтуға бағытталған шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының өкілдері, «Жас

мамандар» кеңесінің мүшелері мен компанияның 35 жасқа дейінгі 100-ден астам мұнайшысы қатысып жатыр. Олар екі күн бойы кәсіби мамандардан дәріс алып, командаларға бөлініп, зияткерлік және спорттық сайыстарда бақ сынады. Ашылу салтанаты барысында ҚБМ басшылығы қатысушыларды шараның басталуымен құттықтап, жалынды да жігерлі жастардың компаниядағы рөлі зор екенін ерекше атап өтті.

«Жастар тек қана компания емес, еліміздің ертеңіне жауапты жандар. Сондықтан олардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, бастамаларын қолдау біз үшін аса маңызды. 10 жыл ішінде ҚБМ жастары өңірдің түрлі қоғамдық-әлеуметтік шараларында белсенділік танытып, азаматтық ұстанымдарын көрсетіп келеді. Игі істер алдағы уақытта да жалғасын табуына сенеміз», - деп атап өтті ҚБМ басшылығы.

Жобаның алғашқы күні 4 бағыт бойынша коучтер мен бизнес-тренерлер жүргізген оқытудан басталды. Танымал спикер Аслан Қанатов ресурстарды жоспарлау, бюджеттеу және қаржылық сауаттылық тақырыбында дәріс оқыды. Ал, психолог Сымбат Абдрахманова жас мамандарға жеке тиімділік туралы айтса, кәсіби коуч Әсел Мұратова ұжымдағы эмоционалдық интеллект тақырыбына тереңірек тоқталды. Өндіріс жұмысшылары үшін басты талап саналатын қауіпсіздік мәдениеті жайлы эксперт Рысқұл Мұсабаева дәріс оқып, тыңдаушылар қауіпсіздік ережелерін тағы бір пысықтап алды.

«Жас маман күні» жобасы арқылы білімімізді шыңдап, адам ретінде де, маман ретінде де мол мағлұмат алдық. Бұл тренингтерден де түйгеніміз кәдеге жарайтынына кәміл сенеміз. Бұдан бөлек ұжымдастарды жаңа қырынан танып, бірлігіміз нығая түсті. Жастарды үнемі қолдап жүретін компания басшылығына алғысымыз шексіз!», - дейді жоба қатысушылары.

Жас мамандар тәжірибелі лекторлар дәрісін кешкі Каспий жағалауындағы қызықты интерактивтік ойындармен түйіндеді. Осылайша қаражанбастықтардың сүйікті жобасына айналып үлгерген «Жас маман күнінің» алғашқы бөлігі сәтті аяқталды.



МОЛОДЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ КБМ: «НАША СИЛА – В ЕДИНСТВЕ!»

Во второй день проекта «День молодого специалиста» нефтяники состязались в национальных видах спорта и интеллектуальных играх. Разделившись на команды, участники с воодушевлением приступили к выполнению многоуровневых заданий в виде квеста.

На каждом посту ребята должны были показать свое мастерство в стрельбе из лука, перетягивании каната, лянга тебу и т.д. Далее, команды, успешно прошедшие первый тур, формировали пазл с изображением Шеркалы и логотипа компании. Во время состязательных и захватывающих игр нефтяники действовали сплоченно и организованно.

«В проекте ДМС участвуют молодые, перспективные и сильные специалисты, хорошо знающие свое дело. У всех нас одна цель – трудиться на благо развития нашей компании. Думаем, поэтому в таких командных заданиях мы действуем сообща, учитывая мнение каждого работника и поддерживая друг друга. Отрадно, что подобные мероприятия для молодежи из года в год выходят на новый уровень, мотивируя нас», - отметили молодые специалисты.

Во второй половине дня ребята приняли участие в интеллектуальной викторине «Битва умов». Нефтяники за короткое время отвечали на вопросы, охватывающие различные сферы, и выполняли фото-видео задания. В соревновательном мероприятии каждый участник продемонстрировал эрудицию и навыки тайм менеджмента, а главное, умение работать в команде.

По итогам основных состязаний проекта руководство компании торжественно поздравило победителей, вручив благодарственные письма и подарочные сертификаты. Стоит отметить, масштабный проект получил положительные отзывы от гостей из других компаний. Безусловно, данный проект еще раз подтвердил, что сила молодой волны нефтяников Каражанбаса - в единстве!



ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ!

Кәсібін сүйіп, ісіне адалдық таныту – еңбек адамының ең бірінші асыл қасиеті. Өмірін Қаражанбастың қара алтынын игеруге арнаған әр жұмысшы ардагерлер салған сара жолмен жүріп, игі дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келеді. Бүгін біз сіздерді кен орнындағы маңызды объектілердің бірінде еңбек ететін тағы бір білікті маманмен таныстырамыз.

Қадірбек Айтбаевтың осыдан 23 жыл бұрын вахтаға ең алғаш келген сәті әлі есінде. Ол Қаражанбастағы еңбек жолын құрылыс-жөндеу цехыныңбетоншысыболыпбастаған. Кейін жұмыс бағытын бу өндіру цехына (БӨЦ) бұрып, химиялық су тазарту аппаратшысы, отқа қарсы тұрушы болып еңбек етті. Қадірбектің қызметі асқан жауапкершілік пен табандылықты талап етеді. Себебі ол жабық, шектеулі кеңістікте еңбек етіп, қазандықтардың қалыпты жұмыс істеуіне жауапты.



«Еңбек адамдары – ел көшін алға сүйрейтін қуатты күш. Біз де Қаражанбастың жер асты байлығын игеру арқылы Отанымыздың дамуына ерекше үлес қосып келеміз. Сүйікті кен орнымыз маман ретінде шыңдап, саланың сайыпқыраны атандырды. Бақыттың кілтін - еңбектен тапқаным дән ризамын!»,- дейді кейіпкеріміз.



Қызметте білікті маман, ақылшы ағаға айналған Қадірбек Айтбаев үшін өмір кітабының жаңа тарауы ашылды. Ол Қаражанбастағы ең соңғы вахтасын абыроймен атқарып, жауапты қызметін жас буынға сеніммен тапсырды. БӨЦ ұжымы білікті мұнайшының жылдар бойы атқарған адал еңбегіне алғыс айтып, зейнет демалысына ерекше ықыласпен шығарып салды.

«ҚАЛЫҢ ҚАЛАЙ, МҰНАЙШЫ?»



«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылары компанияның дамуымен қатар, өңірдің қоғамдық-әлеуметтік өміріне де белсенді араласады. Сондықтан олардың азаматтықпікіріменкәсібікөзқарасы ерекше құрметке ие. Өндірісті өркендетуге сүбелі үлес қосып жүрген мұнайшылардың тыныс-тіршілігімен таныстыратын «Қалың қалай, мұнайшы?» айдарында №3 мұнай өндіру цехының операторы Жомарт Әскербаевтың айтарына құлақ тостық.

АҚ нақты жоспармен айқын бағытқа беттесек, талай белесті бағындырып, асулардан асамыз. Компаниямыз мұнайшылардың кәсіби шыңдалуына бар жағдайды жасап келеді. Жұмысшылардың біліктілігін арттыру үшін оқытулар ұйымдастырылып, жобалар жасалады. Былтыр ҚБМ-ның республикалық «Үздік маманда» топ жаруы сөзіме дәлел болады деп ойлаймын.

Жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қаншалықты көңіл бөлінген? Кен орнындағы жатын орны, асханалар, өткізіліп жатқан мәдени-спорттық шаралар көңіліңізден шыға ма?

Жомарт, қалыңың қалай? Компанияның даму бағыты жайлы не айтасыз? Жұмысшылардың кәсіби шыңдалуына қандай жағдай жасалған?

- Жағдайымыз өте жақсы, шүкір дейміз. Компаниямызда да көптеген оң өзгеріс бар. Өзгеріс болған жерде, өсу болатыны сөзсіз. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып,

Менің ойымша, Қаражанбаста жұмысшының жағдайы өте жақсы жолға қойылған. Әлеуметтік көмек пен төлемдер уақытылы төленеді. Ал кен орнында жайлы жатақханада тұрып, кең, жарық, жылы асханада тамақтанамыз. Бір сөзбен айтқанда, мұнда қажетті жабдықтың бәрі жеткілікті. Әр мереке сайын концерт ұйымдастырылып, спорттық жарыстар жиі өткізіледі. Вахтадағы қызметкердің жұмыстан тыс уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндігі мол.

Білікті маман, белсенді жұмысшы ретінде компанияның дамуы үшін қандай үлес қосып жүрмін деп ойлайсыз?

- Біздің бірінші мақсатымыз – адал қызмет ету, қауіпсіздік пен өндіріс үздіксіздігін сақтай отырып, жылдық жоспарды сәтті, тіпті артығымен орындау. Сондықтан әр вахтаны абыроймен атқарудың өзі компания жұмысын алға жылжытуға қосқан тамшыдай үлес деп білемін. Бұдан бөлек, ҚБМ-ның барлық шараларына белсенді қатысу, мәдени-спорттық жарыстарда компания намысын қорғауға атсалысып келеміз. Бойда қуат пен жастық жалын барда сүйікті кен орнымызды жан-жақты дамытудан аянып қалмайтынымызға кәміл сенемін!

«ЖАС МАМАН» КЕҢЕСІНЕ ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) «Жас маман күні» жобасы аясында компаниядағы жастар саясатын нығайтуға бағытталған «Жас маман» кеңесіне жаңа төраға сайланды. Аталмыш қызметке екі үміткер өтініш білдірді. Олар №3 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) геологы Асқар Нұранов және Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты жөндеу департаментінің (БжҰЖКЖД) бұрғышысы Айбек Ұлықпанов.

Жас мамандар өз таңдауын жасап, қос кандидатқа дауыс берді. Мұнайшылардың басым көпшілігі Айбек Ұлықпановтың кандидатурасын қолдады.

Ол 2011 жылдан бері Қаражанбас кен орнында бұрғышы болып жұмыс істейді. 2014 жылдан бастап ҚБМ интеграциясына дейінгі аралықта

«ТұлпарМұнайСервис» ЖШС-нің «Жас маман» кеңесі төрағасы қызметін атқарған. 2019 жылдан бері «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) жастар саясатын басқарукомитетінің мүшесі. 2020-2022 жылдар аралығында ҚМГ Басқарма төрағасының жастар саясаты бойынша штаттан тыс кеңесшісі болған.

Айта кетейік, білімді де белсенді жұмысшылар жиналған «Жас маман» кеңесі осыдан 10 жыл бұрын құрылған. Содан бері ҚБМ жастары тек компанияның ғана емес, өңірдің қоғамдық, мәдени-спорттық, тарихи-танымдық шараларын ұйымдастыру мен өткізуге атсалысып келеді.



«ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІ» - ЖАҢА ҚАРҚЫНМЕН!



Кәсіби шеберлік пен тәжірибені тең дамытып, өндірістің өрлеуіне үлес қосу – Қаражанбас жастарының басты ұстанымы. II ауысымның вахтааралық демалыстағы «Жас мамандар кеңесі» (ЖМК) мүшелері осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстарға шолу жасап, жаңадан сайланған төраға – Айбек Ұлықпановпен танысты.

Ашық диалог форматындағы кездесуге қатысушылар компаниядағы жастар саясаты бойынша өздерін толғандыратын мәселелерді ортаға салды. Ұсыныс-пікірлер толық тыңдалған соң, кеңес мүшелері бірігіп, алда атқарылатын жұмыстар жоспарын жасақтады. Онда тек компанияшілік емес, облыс тіпті республика көлеміндегі қоғамдық, мәдени, спорттық, қайырымдылық, экологиялық т.б. акцияларға қатысу мен ұйымдастыру көзделген.

«Қаражанбаста сегіз қырлы, талантты жастар өте көп. Өз азаматтық көзқарасымызды білдіре отырып, бұған дейін де талай игі істің жанынан табылып келеміз. Енді жаңа жоспармен жаңа асуларды бағындыруға жұмыстанамыз», - деді ЖМК төрағасы Айбек Ұлықпанов.

Кеңес қорытындысы бойынша жастар алдағы уақытта қос ауысым жұмысшыларының басын қосып, белсенді жұмыс істеуге, тың жобаларды жүйелі жүзеге асыруға уағдаласты.

ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫНЫҢ ІШКІ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Қаражанбаста «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ спартакиадасының ішкі іріктеу кезеңі басталды. ІІ вахта мұнайшылары екі күн бойы 7 спорт түрі бойынша сынға түсіп, үздіктерді анықтайды.

Алғашқы кезең арқан тарту, қол күрес және тоғызқұмалақ жарыстарынан басталды. Бағы мен бабын сынауға барлығы 50-ге жуық үміткер өтініш білдірді. Білек күші мен логикалық қабілетіне сенген мұнайшылар тартысты ойын өрнегін көрсете алды. Арқан тартудан технологиялық көлік департаменті (ТҚД) командасы шашасына шаң жұқтырмаса, қол күресінен 80 келіге дейінгі салмақта ТҚД инженері Ерлан Қайлюбаев пен 80+ келі салмақта бу өндіру цехының машинисі Бақтияр Тулеубаев І орынды жеңіп алды. Ал тоғызқұмалақ сайысында №3 мұнай өндіру цехының операторы Бернұр Ғабдірасылұлы қарсыластарынан айқын басымдықпен алға шықты.



ВПЕРЕД, К ПОБЕДЕ!

Отборочный этап спартакиады АО «НК» «КазМунайГаз» на месторождении Каражанбас продолжился соревнованиями по шахматам, асық ату и настольному теннису. Нефтяники проявили стальной характер и всеми силами боролись за победу.

В результате, победа в шахматном состязании досталась инженеру базы материально-технического снабжения Гани Чалабаеву. Лучшими в национальной игре асық ату были признаны ребята из цеха бурения. Ну, а инструктор группы внутренних коммуникаций Талап Барболов стал победителем по настольному теннису.

Победители в следующем этапе встретятся с сильнейшими работниками из других нефтяных компаний региона.



ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ - ЕКІ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Қаражанбастың қос мұнайшысы кір тасын көтеруден екі дүркін Азия чемпионы атанды. №3 мұнай өндіру цехының операторы Нартай Алтыбаев пен технологиялық көлік департаментінің жүргізушісі Айдын Ахметов білектілер бәсекесінде топ жарып, алтын медаль қанжығалады.

Қырғызстан астанасы Бішкекте өткен жарысқа 15 мемлекеттен 500-ден астам спортшы қатысты. Тартысты додаға әр үміткер ерекше дайындықпен келген. Қаражанбастықтар үш аталым бойынша бақ сынап, 73 келі салмақ дәрежесінде Нартай Алтыбаев ардагерлер, ерлер арасында және эстафетадан бірінші орынды

жеңіп алды. 95 келі салмақта өнер көрсеткен Айдын Ахметов те жаттықтырушысының жетістігін қайталап, үш аталым бойынша шашасына шаң жұқтырмады. Нәтижесінде қос мұнайшы Қазақстан қоржынын 6 алтын медальмен толықтырды.

Чемпиондар үшін нағыз жауапты кезең енді басталды. Олар қазірден бастап алдағы Әлем чемпионатына дайындықты бастап кетті. Кір тасын ұршықша иірген мұнайшылар намысты қолдан бермеуге барын салатынын айтады. ҚБМ басшылығы мен еңбек ұжымы чемпиондарды құттықтай отырып, жеңісті күндердің көп болатынына сенімді.



ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРДЫ



Қаражанбас мұнайшылары арасында кір тасын көтеруден чемпиондар саны артып келеді. Аталмыш спорт түрінен облыстық додада бу өндіру цехының (БӨЦ) дәнекерлеушісі Абай Асанов III, №1 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) геологі Әсет Нұралиев II, ал дефектоскопия

зертханасының (ДЗ) дефектоскописі Абай Халлиев жеңімпаз атанып, алтын медаль қанжығалады.

Жарыста облыстың барлық аудан-қалаларынан 150-ден астам қатысушы бақ сынады. Қаражанбастықтарды екі дүркін Әлем чемпионы - №3 МӨЦ операторы

Нартай Алтыбаев жұмыстан тыс уақытта жаттықтырып, жеңіске жетеледі.

Нәтижесінде серпе көтеруден 73 келі салмақ дәрежесінде Абай Асанов қола, Әсет Нұралиев күміс жүлде иеленсе, Абай Халлиев 95 келі салмақта жеңіс тұғырынан көрінді.

«Қаражанбас мұнайшылары өз қызметіндегі кәсібилігінен бөлек, спорттағы жетістіктерін де паш етіп жүр. Үздіксіз дайындық арқасында біз облыс чемпионатында жақсы нәтиже көрсетіп, тәжірибе жинадық. Алдағы биік белестерді де абыроймен еңсертінімізге сенеміз», - дейді жеңімпаздар.

ҚБМ басшылығы мен еңбек ұжымы компания намысын қорғап, жеңіс туын желбіреткен жұмысшыларды шын жүректен құттықтайды!



I ВАХТА ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



Қаражанбаста I вахта жұмысшылары арасында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) спартакиадасының іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті. Сайыстар ең алдымен мұнайшылардың ұжымдық рухын нығайтып, жеңіске жетуге ерекше жігер берді. Жүзден астам қатысушы арқан тарту, қол күрес, тоғызқұмалақ, шахмат, асықату және үстел теннисінен тартысты ойын көрсетіп, қатарынан оза шапқандар есімі белгілі болды.

Қол күрестен 80 келіге дейін өнер көрсеткен №2 Ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу цехының (ҰЖКЖЦ) бұрғышы көмекшісі Жұмат Сағындықов пен 80+ келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған бу өндіру цехының (БӨЦ) химиялық су тазарту аппаратшысы Мұса Сүлейменов I орын иеленді. Тоғызқұмалақ жарысында БӨЦ машинисі Бекберген Ақниязов үздік атанса, өндірісті автоматтандыру цехы (ӨАЦ) командасы арқан тартудан алдына жан салмады.

Тартысты бәсекенің бірі ұлттық ойын – асық ату сайысы болды. Мұнда №1 мұнай өндіру цехы (МӨЦ) командасы қырағылық танытып, жеңіске жетті. Ал ой ұшқырлығы сыналатын шахмат жарысында ҰЖКЖЦ аға шебері Көшербай Ізбасаров I орын иеленді. Іріктеу жарыстары үстел теннисі сайысымен қорытындыланды. Бұл жарыста технологиялық көлік департаменті (ТҚД) жұмысшысы Айтмохаммад Қазақ шашасына шаң жұқтырмай жеңіске жетті.

Айта кетейік, қос вахтаның жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздары ҚМГ спартакиадасының келесі кезеңінде өңірдегі өзге мұнай компанияларының жұмысшыларымен сайысқа түседі.



«ҚМГ СПАРТАКИАДАСЫ – 2023»: ҚАРАЖАНБАС ЧЕМПИОНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ спартакиадасы – спортқа бейім мұнайшыларды жеңіске жетелейтін тартысты дода. Қаражанбастың намысын қорғауды мақсат еткен I және II вахта үздіктері облыс орталығында 7 спорт түрінен өзара сынға түсіп, чемпиондар есімі белгілі болды.

Іріктеу ойындары шағын футбол, волейбол, баскетбол жарыстарынан басталды. Аяқдоп пен волейболдан II ауысым құрамасы үздік ойын көрсетіп, шашасына шаң жұқтырмады. Ал баскетбол бәсекесінде I вахта намысты қолдан бермей, жеңіс тұғырынан көрінді.

Бұдан соң білекті мұнайшылар қол күресте бағы мен бабын сарапқа салды. Нәтижесінде 80 келіге дейінгі салмақта №2 Ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу цехының (ҰЖКЖЦ) бұрғышы көмекшісі Жұмат Сағындықов үздік атанды. Сондай-ақ 80+ келі салмақ дәрежесі бойынша бу өндіру цехының (БӨЦ) машинисі Бақтияр Тулеубаев келесі кезеңге жолдама алды.

Ұлттық ойындар да назардан тыс қалмады. Қаражанбастықтар асық ату шеберлігін паш етіп, тоғызқұмалақ сайысында зияткерлік қабілеті мен есепке жүйріктігін дәлелдеді. Қорытындыға сәйкес, №1 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Бейбарыс Мүлкібаев асық атудан алға шықса, №3 МӨЦ операторы Бернұр Ғабдірасылұлы тоғызқұмалақтан алдына жан салмады.

Биылғы ерекшелік – мұнайшылар киберспорт бағытында сайысқа түсті. Компьютерлік ойындарды бес саусағындай меңгерген жігіттер заманауи жарыста үздік атануға барын салды. Дегенмен жеңіс II вахта командасына бұйырды.

Енді қос ауысым спортшыларын шахмат, үстел теннисі мен жүзден іріктеу жарыстары күтіп тұр. Айта кетейік, Қаражанас чемпиондары келесі кезеңде өзге мұнай компания үздіктерімен сынға түседі.



МАМЫР АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

- 03.05.1963 жыл, Бобровский Андрей Теодорович,
БЖҰЖКЖД бұрғышысы
- 06.05.1963 жыл, Захаров Мұқаналы Сатбалдыұлы,
Жобалау-металдық бөлімі басшысының орынбасары
- 09.05.1963 жыл, Телмұхаммедов Яуметдин Марқабайұлы,
№3 автотізбек машинисі
- 10.05.1963 жыл, Атшыбаев Киятқали,
№3 автотізбек моторисі
- 11.05.1963 жыл, Оразғалиев Серік Сансызбайұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы
- 28.05.1963 жыл, Амиров Амангелді Құлмұханұлы,
№1 автотізбек моторисі
- 28.05.1963 жыл, Үзденбаев Қазы Мыңбайұлы,
№2 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 29.05.1963 жыл, Мадемиев Жұлдыбай Сатыбалдыұлы,
№3 автотізбек моторисі



50 жас

- 01.05.1973 жыл, Саликов Сәбит Мырзағалиұлы,
ӘЖЖКТ инженері
- 02.05.1973 жыл, Мәкен Сабырғали Әнетбайұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі
- 02.05.1973 жыл, Хамитов Файзулла Ерсайынұлы,
№1 МӨЦ мұнай және газ өндіру операторы
- 07.05.1973 жыл, Қуатқанова Базаркүл,
№1 МӨЦ мұнай және газ өндіру операторы
- 07.05.1973 жыл, Құлшаров Қайрат Сейдахметұлы,
БӨЦ машинисі
- 12.05.1973 жыл, Арисбаева Райхан Орусбайқызы,
ӘЖЖӘТОБ аға маманы
- 15.05.1973 жыл, Бишенов Болат Аяпбергенұлы,
ГЦ басшысы
- 25.05.1973 жыл, Бухаров Қоңыратбай Мұхамбетұлы,
ЭЦ электромонтері
- 27.05.1973 жыл, Абдолла Бердібек Батешұлы,
№3 автотізбек машинисі



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!



ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ САМБОДАН АЗИЯ ЧЕМИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қаражанбастың қос мұнайшысы самбодан Қазақстан чемпионатында топ жарды. Спорт шеберлері арасында өткен жарыста бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БЖҰЖКЖД) шебері Сәндібек Дүйсенбеков қола медальға ие болды. Ал технологиялықкөлікдепартаментінің (ТҚД) цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев алтын медаль қанжығалады.

Абай облысында өткен балуандар бәсекесінде еліміздің түкпір-түкпірінен 400-ден астам қатысушы бақ сынады. Олардың әрқайсысы жеңіс тұғырынан көріну үшін мықты

дайындықпен келген. 45-49 жас көрсеткіші бойынша 64 келі салмақта боз кілемде белдескен Сәндібек Дүйсенбековке III орын бұйырды. Дәл осы салмақта 40-44 жас аралығындағы қатысушылар ішінен Бауыржан Есболаев шашасына шаң жұқтырмай, ел чемпионы атанды.

Осылайша қаражанбастық мұнайшылар Азия чемпионатына жолдама алды. Олар маусым айында Астанада өтетін жарыста ел намысын қорғау үшін қызу дайындықты бастап кетті. ҚБМ басшылығы мен еңбек ұжымы атынан қос балуанды жеңісімен құттықтаймыз!



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kmb.kz

Шаршова Е.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: Y_Sharshova@kmb.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kmb.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz